

## Хаттама № 2

Өткізілген күн: 5. 01. 2025

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесі мүшелері, хатшы

### Күн тәртібінде:

1. Өткен отырыста қабылданған шешімдердің орындалуы жайында мәлімет;
2. Білім алушылардың ыстық тамақпен қамтылуы;
3. Оқушылардың ішкі тәртіп ерелерін сақтауы туралы;

**1 - мәселе** бойынша мектеп директоры Алиева Г.С. мектеп кабинеттерді аралап таныстырды. Әр бір сыныптарға орнатылған стенпанелдер, моноблоктар, видеокамералар, жаңа теннис үселдері, спортзалдағы жаңа құрылғылар, акт залындағы музыкалық колонкалар, дауыс зорайтқыштар, кітапханадағы кітаптар, әскери қару жарақтар, қойма, қару мен оқ сақтағыштар, газ тұмалдырығы (противогаз), ЖКК (жалпы қорғау құралы ОЗК), гранатлар, миналар, оқу құралдары, тирді аралады.


**2 – мәселе** бойынша әлеуметтік педагог Жумабаева А.А. Мектепте 737 оқушы. 1-4 сыныптар тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілген. 5-11 сыныптар сында 18 оқушы ішінде 4-еуі АӘК алатын отбасы, 14-і аз қамтылған отбасынан шыққан. 10 оқушы жалға алушылардың есебінен ыстық тамақпен қамтылады. Ал асхана жағдайы арнайы комиссия құрамы тексеріп қадағалайды.

**3 – мәселе** бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Қаспиев сөз алды. Мектептің ішкі тәртібін бұзған ішінара оқушылармен түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Әсіресе сабаққа кешігу, смартфон қолдану, сабаққа дайындық сияқты тұрақты мәселелер. Кешігу мәселесіне ата аналар тарапынан қолдау көрсетілді. Таңертең кезекпен өздері балаларының сабаққа кешігуі мен мектеп формасының сақталуын кезекші мұғаліммен қадағалауда. Жаңа жылдағы әр түрлі жарылғыш заттар мектепке алып келген жоқ.

### Шешім:

1. Атқарылған шаралар қанағаттанарлық деп бағалансын;
2. Асхана жұмысының жүргізілуі мен ыстық тамақпен қамтылуын қадағалау жалғастырылсын;
3. Ішкі тәртіпті сақтау қатаң қадағалансын;

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы :  Ахатаева М.

Қамқоршылық кеңесінің хатшысы:  Бекетанова Н.А